

**«Байтерек 2030 KZ» ЖШС ПГС кен орнындағы тау жұмыстарының жоспары,
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы жер үсті құрылыс басқармасында орналасқан
жобасы үшін АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУЛАРДЫҢ шекті РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН
ШЫҒАРУЫЛАРЫНЫҢ жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар
ХАТТАМАСЫ**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: «Түлкібас ауданы әкімдігінің Жабағылы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың мәні: Түркістан облысы, Түлкібас ауданында орналасқан ПГС Құм мен қиыршық тас қоспасы «Ұсақтау және іріктеу зауыты» кен орны бойынша тау-кен жұмыстары жоспары

(қарастырылатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Мекенжайына Қоғамдық тыңдауларда көтерілген материалдар жолданған қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

4. Белгіленіп отырған қызметтің орналасатын жері: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы жер үсті құрылыс басқармасында орналасқан (белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекен-жайы, географиялық координаттары)

5. Белгіленіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы (белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде оның аумағында және аумағында және аумағында әсер етуі мүмкін қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі)

6. Белгіленіп отырған бастамашының деректері және байланыс деректері: «Байтерек 2030 KZ» ЖШС, БИН 070440011824 Тел.: 8776-224-65-85 ҚР Қазақстан, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Жабағылы ауылы, Абай көшесі, 58 үй.

Ықтимал әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептерді дайындауда сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «EcoScienceGroup» ЖШС, БИН 230840042704 Тел: +7708-438-66-18 Шымкент қаласы, М.Пошанов көшесі, 32/28 (оның ішінде нақты атауы, ведомствоға бағыныстылығы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары және басқа ақпарат)

7. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні (күндері), уақыты, өткізілетін орны және қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналыстарының уақыты – 06.01.2026 ж., уақыты-15:00, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Абай ауылы (қатысушылардың тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда ашық жиналыс өткізілетін барлық күндер көрсетіледі)

8. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

Қосымша 1.

9. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. **Қосымша 2.**

10. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

2) жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты

пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайты
www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar орналастырылды.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды:

«Айғақ» газеті №48 26.11.2025,

ТОО «Собкор» ЖШС, 27.11.2025 ж. №530 Қосымша 3.

4) Әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кентредің, ауылдық округтердің,) жергілікті атқарушы органдардың хабарландыру тақталарында және арнайы хабарландыру орналастыруға арналған орындарда:

«Тұлкібас ауданы әкімдігінің Жабағылы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында хабарландыру тақтасы. Қосымша 4.

11. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Тыңдау хатшысы ретінде бірауыздан Жұмахан Н.Ж «EcoScienceGroup» ЖШС-нің экологы сайланды.

«жақтап» - 12 адам, «қарсы» - 0 адам, «калыс қалғандар» - 0 адам.

Регламент бірауыздан бекітілді: Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «жақтап» - 12 адам, «қарсы» - 0 адам, «калыс қалғандар» - 0 адам.

12. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер.

Баяндамашы «EcoScienceGroup» ЖШС – нің химик лаборанты Жанат Зарина Нурлыбайқызы

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

Баяндама Қосымша 5.


13. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде алынған барлық сұрақтар мен жауаптарды, ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың мәнімен анық байланысы жоқ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар «қоғамдық тыңдаулардың мәнімен анық байланысы жоқ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар, «қоғамдық тыңдаулардың мәніне қатысы жоқ» деген белгісі бар кестеге енгізіледі». Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

14. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралатын материалдар мен тыңдалған баяндамалардың сапасы оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан пікірлері, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: пікірлер мен ұсынымдар кестеде көрсетілді.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

16. Қоғамдық тыңдау төрағасы:

Аргинбаев Досбол Шалқарұлы «Жабағылы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жер маманы боламын

Аргинбаев Д.Ш.  09.01.2026ж

17. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: «EcoScienceGroup» ЖШС - нің экологы

Жұмахан Н.Ж.  09.01.2026ж

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қатысушы, лауазымы, аты-жөні өкілдік ететін ұйым)	Ескертулер мен ұсыныстарға берілген жауаптар (Тегі аты жөні) жауап берушінің қызметі, ұйым атауы	Ескерту (алынған Ескерту немесе ұсыныс)
1	Ауыл тұрғыны; Жандаров Қ <i>Су ұңғымасын қазу</i>	Жауап беруші: «Байтерек 2030 КЗ» ЖШС-нің директоры Ташенов Г.А. – <i>Ұсыныс қабылданды</i>	Қабылданды
2	Ауыл тұрғыны; Мамыров Е <i>Ағым суды пайдалану, жолды ретке келтіру</i>	Жауап беруші: «Байтерек 2030 КЗ» ЖШС-нің директоры Ташенов Г.А. – <i>Ұсыныс қабылданды</i>	Қабылданды

Қосымша 1

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25282251002, Дата: 22/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Туркестанская область, Тюлькубасский район, Джабаглинский с.о., с.Джабаглы (Туркестанская область, Тюлькубасский район, Жабагылинский с.о., с. Джабаглы, квартал 106, строение 417)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: 42°26'48.1"С 70°30'12.5"В.

Предмет общественных слушаний: ПРОЕКТ нормативов допустимых выбросов для плана горных работ для месторождения ПГС ТОО «Байтерек 2030 КЗ», ДСУ расположен-ного в Тюлькубасском районе Туркестанской области

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Тюлькубасский район, Джабаглинский с.о.,с.Джабаглы ,Комунальное государственное учреждение "Аппарат акима Жабаглинского сельского округа акимата Тюлькубасского района"ул АБАЙ, 58.Заседание состоится в административном здании, в конференц-зале , 06/01/2026 15:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Айғақ Телерадиокомпания "Отуар"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Туркестанская область, Тюлькубасский район, Жабагылинский с.о.,ул АБАЙ, 58

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного

исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "Байтерек-2030 Kz" (БИН: 070440011824), +7(776)-224-65-85, oreke4@mail.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25282251002, Дата: 25/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25282251002, от 22/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету ПРОЕКТ нормативов допустимых выбросов для плана горных работ для месторождения ПГС ТОО «Байтерек 2030 КЗ», ДСУ расположен-ного в Тюлькубасском районе Туркестанской области , в предлагаемую Вами 06/01/2026 15:00, Туркестанская область, Тюлькубасский район, Джабаглинский с.о.с.Джабаглы ,Комунальное государственное учреждение "Аппарат акима Жабатлинского сельского округа акимата Тюлькубасского района"ул АБАЙ, 58.Заселание состоится в административном здании, в конференц-зале (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Байтерек-2030 Кз" (БИН: 070440011824), +7(776)-224-65-85, oreke4@mail.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТІК ДРЕНАЖ ҰҢҒЫМАЛАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ

Ислам даму банкінің қолдауымен Жетісай ауданында 210, Шардара ауданында 302 ұңғымала құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ирригациялық және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының екінші фазасы аясында Мақтаарал ауданында 150, ал Сауран ауданында 72 ұңғыманы реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар Ордабасы ауданында 11 және Отырар ауданында 42 ұңғыманы қалпына келтіруге жобалау-металық құжат әзірлеу жоспарланған. Бұдан бөлек, 2020 жылы Түркістан филиалының қарамағына 57 тік дренаж ұңғыма берілген болатын. Бүгінде олардың 30 қалпына келтірілді. Жыл соңына дейін тағы 10 ұңғыманы жөндеу аяқталады, қалған 17-сі келесі жылы қалпына келтіріледі.



Түркістан облысында жердің мелиорациялық жағдайын жақсарту және су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында 734 тік дренаж ұңғыманы қалпына келтіру және жаңғырту бойынша кешенді бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Жұмыстар Жетісай, Мақтаарал, Сауран және Шардара аудандарын қамтиды.

суының деңгейін тұрақтандыруда, топырақтың қайта тұздану қаупін азайтуда және суармалы жерлердің жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

«Соңғы жылдары Түркістан облысындағы жерлердің мелиорациялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге тік дренаж ұңғымаларын қалпына келтіру және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл шаралар су ресурстарын ұтымды пайдалануға және аграрлық сектордың тұрақты дамуына бағытталған. Қазіргі уақытта облыстың Жетісай, Мақтаарал және Ордабасы аудандарында 380 тік дренаж ұңғыма жұмыс істейді», - деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

«Айғақ»-ақпарат.



23 ҚАРАШАДАН БАСТАП ЖОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР КҮШІНЕ ЕНДІ

10 қарашада жол жүрісі ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер 23 қарашадан бастап күшіне енеді.

Елдімекендерде жүк көліктерінің жылдамдығы сағатына 50 шақырымға дейін шектелді. Бұл шектеу жол белгілерімен нақты жылдамдық көрсетілген учаскелерге қолданылмайды (мысалы, 80-90 км/сағ).

Жылдамдықты төмендету – жаяу жүргіншілердің қаза болу қаупін азайтуға бағытталған. БҰҰ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жылдамдық 60–65 км/сағ болғанда жаяу жүргіншінің қаза болу ықтималдығы 50 км/сағ-пен салыстырғанда 4,5 есе жоғары.

Көрінү нашарлаған кезде (боран, тұман, қар, жаңбыр) жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында колонна жүрісі кезіндегі полиция қызметкерлері мен жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланды.

Патрульдік көлік құралдары ілесіп жүретін колонналарға қатысты талаптар да жаңартылды.

Мысалы:

- колонна ішінде маневр жасауға, басып озуда немесе өздігінен тоқтауға тыйым салынады;
- көлік тізбегіндегі көлік саны 10-нан асса, екі патрульдік көлікпен ілесіп алып жүру міндетті;
- М2 және М3 санатындағы барлық автобуска жолаушыларды отырғызу және түсу үшін аялдамаларда тоқтауға рұқсат етілді.

Три көлемді және қауіпті жүктерді, велосипедшілер топтарын, сондай-ақ балаларды тасымалдайтын автобустарды ілесіп алып жүру кезінде жылдам алынатын (магнитті) бекітпесі бар қызғылт сары немесе сары түсті жаркылдауық маяктарды рұқсатсыз қолдануға болады.

Бұған дейін мұндай маяктарды пайдалану үшін рұқсат құжаттарын алу, қайта жабдықтау рәсімінен өту және техникалық кәулікке белгі енгізу талап етілетін. Сондай-ақ жол парағын электронды түрде қолдануға рұқсат берілді. Визуалды қабылдауды жақсарту мақсатында барлық суреттер, жол белгілері мен жол таңбалары цифрландырылды.

Құрметті жол жүрісіне қатысушылар!

Жаңартылған талаптарды үнемі қарап, жол ережелерін сақтауды сұраймыз. Бұл – әр жүрегіңіздің міндеті және жол қауіпсіздігін қосатын маңызды үлес. Өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!

Ұлттық суперкомпьютер «Alem.Cloud» әлемдегі ең қуатты есептеу жүйелерінің халықаралық рейтингінің TOP 500 тізімінде 86 орынды иеленді. Бұл рейтингке тек HPL (High-Performance Linpack) стандарты бойынша тәуелсіз тестілеуден өткен, яғни әлемдік деңгейде мойындалған есептеу өнімділігіне ие кластерлер ғана енгізіледі, деп хабарлайды ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

«Alem.Cloud» ұлттық суперкомпьютер кластері Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Жа-

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДЕГІ ТОП-100 СУПЕРКОМПЬЮТЕР ҚАТАРЫНА ЕНДІ

санды интеллект және цифрлық даму министрлігіне қарасты «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инфрақұрылымының негізінде құрылған болатын. Суперкомпьютер жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеулер және үлкен деректерді талдау бағыттарындағы жобаларды іске асыруға арналған. Кластердің архитектурасы жоғары тығыздықтағы

бірыңғай GPU-кешеніне біріктірілген 64 HPE Cray серверінің базасында іске қосылған. Өрбір есептеу торабы жоғары жылдамдықты қамтамасыз ететін NVIDIA H200-бен жабдықталған.

Alem.Cloud суперкомпьютері жобасы БАӘ G42 тобына кіретін Presight халықаралық технологиялық компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылды. Presight жоғары өнімді есептеу кластерлерін жобалау мен AI экожүйесін дамытуға техникалық қолдау көрсетіп, әлемдік үздік тәжірибелерді Қазақстанның қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік берді.

Жүйе жоғары метафлюид диапозонында өнімділікті қамтамасыз етеді және Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы ең қуатты есептеу платформасы болып саналады.

Суперкомпьютер бағдарламалық жасақтамасы SUSE Harvester (виртуа-

лизация және таратылған есептеулерге арналған жаңа буын гипервизоры), SUSE Rancher (Kubernetes пен AI-жүктемелерін орталықтан басқару платформасы) технологияларын қамтиды. Кластердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін SUSE NeuVector (контейнерлік қауіпсіздік, желілік бақылау және рантайм-коррау жүйесі), Palo Alto Networks желілік сегментация және киберқауіпсіздік шешімдері, сондай-ақ Thales криптографиялық және аппараттық шифрлау құралдары қолданылады.

Бұған дейін «ҰАТ» АҚ техникалық мамандары халықаралық серіктестермен бірлесіп, HPL (Linpack) әдістемесі бойынша кешенді тестілеу жүргізді. Мақсаты – жүйенің нақты есептеу өнімділігін өлшеу және оның TOP500 рейтингінде тіркеуге дайын екенін растау. Нәтижесінде суперкомпьютер қажетті көрсеткіштерге жетіп, Қазақстанның жаһандық TOP500 рейтингіне ресми түрде өтінім беруге мүмкіндік берді.

Астана.



3-бетте

КӨЛКЕНТІКТЕР КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

2-бетте

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАМАҒАН КӘСІПКЕРЛЕР ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДА...



«Жасыл дәлізді» енгізу арқылы Қазақстанның транзиттік әлеуетін кешенді дамыту – Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген негізгі міндеттің бірі. Бұл кедендік рәсімді, логистиканы, инфрақұрылым салуды, көлік саласын реттеу мен логистикалық процестерді цифрландыруды қамтитын жүйелі шаралар, деп хабарлайды Премьер-министр К.К.

Вице-премьер – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалинің төрағалығымен өткен кешенде транзит саласының ағымдағы ахуалы мен жүк тасымалының тиімділігін одан әрі арттыру қадамы қаралды.

Көлік министрлігінің мәліметінше, Қазақстан арқылы бек халықаралық теміржол дәлізі өтеді: ТХКД (ҚХР – ЕО), Орталық Азия (РФ – ОА), Оңтүстік (ҚХР – ОА), Солтүстік – Оңтүстік (РФ – Түрікменстан – Иран), Солтүстік (ҚХР – РФ – ЕО). Соңғы бес жылда транзит көлемі 2020 жылғы 21,8 млн тоннадан 2024 жылғы 27,4 млн тоннаға дейін өсті (+20%). Контейнерлік тасымал 0,8 млн ЖФӨ-ден 1,3 млн ЖФӨ-ге дейін (+37%) ұлғайды. 2025 жылғы 10 айдағы транзит 24,9 млн тонна (+11,5%). Министрліктің болжамына, жыл қорытындысы бойынша 31-33 млн тонна, 2026 жылғы 54 млн тонна, 2029 жылғы қарай 67 млн тонна, ал 2035 жылға қарай транзит 100 млн тоннаға жетуі мүмкін.

Кедендік тексеру санын азайту мүмкіндігі де талқыланды. Одан өту үшін ва-

ҮКІМЕТТЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

гондарды ағыту қажет. Ал бұл құрамның жүру ырығын бұзып, шекарада тоқтап қалу уақытын арттырады.

Өз кезегінде, Қаржы министрлігі «Жасыл дәліз» қағидатын енгізуде кешенді жұмыс жүргізуде. Бұл – шекарадан өтуді жеделдету, тексеруді қысқарту және процестерді электрондық форматқа көшіру.

«КЕДЕН» ақпараттық жүйесінде өткен жылдан бастап кедендік транзит және алдын ала ақпараттандыру модулі іске қосылды. Жүйе қажетті мемлекеттік бақылау түрлерін автоматты түрде анықтап, «бір терезе» қағидаты бойынша өзара байланысты қызметтердің жұмысын қамтамасыз етеді», – деді қаржы вице-министрі Ержан Біржанов.

Электрондық кезек жүйесі (ЭКЖ) енгізілді. Тасымалдау ашықтығын және процестің болжамдылығын қамтамасыз етеді. Енгізу басталғаннан бері 2,7 млн-нан астам брондау тіркеліп, бюджетке 20,6 млрд-тан астам теңге түсті.

Қытай мен Өзбекстан шекарасында шетелдік рұқсат бланктерін (ШРБ) автоматты түрде беру тәжірибесін аяқталып, қазірдің өзінде іске қосылды. Бұл медиаарналы алып тастауға, тасымалдаушылардың бірдей қол жеткізуіне мүмкіндік берді. 10 айда 160 мыңнан астам ШРБ берілді (түсім – 647 млн теңгеден астам).

Автокөлік өткізу пункттерінде тір-

кеуден бастап шығаруға дейінгі автокөлік құралының барлық өту кезеңін біріктіретін интеграцияланған бақылау жүйесі (ИБЖ) енгізіледі. Шекара маңы инфрақұрылымын дамыту шеңберінде ҚХР-мен шекарада үш көлік-логистикалық орталық, ҚХР-мен және Өзбекстанмен шекарада ірі көлемді көлікке арналған уақытша сақтау қоймасы іске қосылды. Алайтау КҮО мен «Атамекен» пунктінде УСК іске қосу жоспарлануда. Қабылданған шаралар нәтижесінде автопункттердің өткізу қабілеті 2024 жылғы 2023 жылғы деңгейге қарағанда 2,5 есе өсті. АКК өту уақыты 30 минутқа дейін қысқарды.

«ҚҰЖ ҰК» АҚ-мен бірлесіп Қытай – Қазақстан – Орталық Азия бағыты бойынша транзиттік декларацияларды автоматты түрде беру жүзеге асырылды. 10 айда 109,2 мың декларация ресімделіп, бір контейнерлік пойызды пунктінде 3 сағаттан 30 минутқа дейін қысқарды. Қытай-Еуропа бағытына да қолдану жұмысы жүргізілуде.

Қаржы министрлігі «Жіксіз транзит» (ОА, Кавказ, Түрікменстан елдері) қажетті келісім жобасын әзірледі. Өзбекстанда оны 2026 жылғы наурызға дейін аяқтау; келешекте ҚХР жобасына қосылу жоспарланған отыр. Қағаз жүзектен электрондық жүзекке көшу үшін «e-Freight» АЖ-мен «ББЖ» АЖ интеграциясы жүргізіліп жатыр.

Жымнда сондай-ақ өткізу пункттерін жаңғырту, шекара маңындағы теміржол станцияларын реконструкциялау және вагондарды парктен қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Бүгінде республикада 145,7 мың жүк вагоны пайдаланылуда (2015 жылға қарай +12%). Фитингтік платформа саны 2,4 есеге 12,7 мың бірлікке өсті. Парк жыл сайын жаңартылып отырады.

Авиацияға келсек, ел әуежайлары 2024 жылғы қорытынды бойынша, 29,7 млн жолаушыға қызмет көрсетіп, 171 млн тонна жүк артқан. Ең көп жүретін бағыттар – Азия (негізінен ҚХР) – Еуропа/АҚШ. Бұл отандық авиациялық хабарды (Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтау, Ақтөбе) дамыту үшін айтарлықтай әлеует тұтылады.

Кеңесті қорытындылай келе, Серік Жұманғалинің қорытындысы бойынша олардың құрамына сәйкестендіріліп, оларға қолдау азырақ қажеттілігі атап өтті.

«Біздің міндетіміз – транзиттік әлеуетті сақтау және дамыту. Біз жол саламыз, өткізу пункттерін жаңартымыз. Барлық бұны келісілген түрде жұмыс істейміз», – деп атап өтті ол.

Жыл қорытындысы бойынша вице-премьер бұл соңына дейін Қазақстан арқылы темір жолмен үшінші елдерге өтетін транзиттік жүктерді кедендік тексеру санын азайту мүмкіндігін пысықтауды тапсырды.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАМАҒАН КӨСІПКЕРЛЕР ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДА САУДА ЖАСАЙ АЛМАЙДЫ

Цифрландырудың дамуына байланысты электрондық сауда саласына ерекше назар аудару қажет. Осы сегменттегі тұтынушылардың шағымдарының саны 2022 жыл мен 2024 жыл аралығында 5,5 есе, 2,5 мыңнан 14,5 мыңға дейін өсті. Алматыда жылдан 10 айында 15 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Цифрлық сауданың дамуы жағдайында тұтынушылардың шағымдарының өсуі жалғаса беруді деген болжам бар. Бұл жағдайда ҚР Сауда және интеграция министрілігі Тұтынушылардың құқығын қорғау комитетінің төрағасы Болат Таңабергенов ОҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

«Өздерінің білетіндері, қолданыстағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң аясында офлайн сатушыға қойылатын талаптар онлайн сатушыларға да қолданылады. Дегенмен бұл та-

лаптарды, әсіресе, электрондық сауда алаңдарында сауда жасайтын сатушылар әрдайым орындай бермейді. Сондықтан заң жобасында электрондық сауда алаңдарының иелері көсіпкерлермен тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама талаптарын сақтау және шарттар жасауға міндеттеу ұсынылды. Орындамау жоқсыз сатушы үшін тиісті жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар электрондық платформада сауда жасау мүмкіндігін жоғалтуға да әкеледі», – деді Комитет төрағасы.

Шағымдардың негізгі бөлігі әлеуметтік желілер арқылы саудаға қатысты жасалған. Бұл ретте, сатушы туралы ақпараттың болмауына байланысты үкілетті органға тиісті шараларды қабылдау қиындық туғызады.



Осыған байланысты тұтынушыларға онлайн режимінде сатып алу кезінде мұқият болуды, өнімнің сипаттамаларын зерттеуді, сатушы туралы толық ақпаратты, пікірлерді, сатушының физикалық түбірегін тексеру ету ұсынылады. Көрсетілген деректер тұтынушының құқықтары бұзылған кезде мемлекеттік органдар үшін орындау ету және бақылау шараларын қабылдау үшін қажет болады.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН PISA-2025 ЗЕРТТЕУІ БАСТАЛДЫ

2025 жылғы 24 қараша мен 5 желтоқсан аралығында ӘБДҮ-ның мектептерге арналған халықаралық PISA зерттеуі жүргізілді. Оған ел бойынша 1 мың білім беру ұйымы мен 15 жасқа толған 40 мыңнан астам қазақстандық оқушы қатысады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Зерттеу дәстүрлі PISA әдістемесіне негізделген және оқу сауаттылығы, математика, жаратылыстану ғылымдары бойынша функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдыларын бағалайды. Сонымен қатар бұл зерттеу арқылы білім беру ұйымдарына сыртқы бағалау жүргізіледі. Оның нәтижелері оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған.

«Мектептерге арналған PISA зерттеуі жыл сайын жүзеге асырылады. Дәстүрлі PISA зерттеуінен айырмашылығы, ол әр мектеп бойынша сыртқы бағалау жүргізе отырып, нәтижесінде білім беру ұйымдарының басшыларына оқу орындарының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін есептер жолданады. Бұл әрбір білім беру ұйымына білім беру процесін жақсартуға ықпал ететін қажетті шараларды қабылдауға көмектеседі», – деп атап өтті Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Серік Әшіров.

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жүргізеді. Оған 2021-2024 жылдар аралығында еліміздің 3000-нан астам білім беру ұйымдары қатысты. Зерттеуді Қазақстандағы үйлестірушісі – А. Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН МЕМТАПСЫРЫСТЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанда жекеменшік мектептерде мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастырудың жаңа тетігіне байланысты қанағаттық жоба іске қосылды. Оқу-ағарту министрлігі мен облыстардың, Алматы, Астана және Шымкент қалалары әкімдіктерінің бірлескен бұйрығымен «2025-2026 оқу жылына арналған жекеменшік білім беру мекемелерінде орта білім беруге байланысты мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастырудың жаңа тетігі» пилоттық жобасы бекітілді.

Аталған жоба қаржыландырудың ашықтығын арттыруға, мемлекеттік-жекеменшік өрістестікті дамытуға және барлық баланы сапалы біліммен қамтамасыз етуге бағытталған.

Кейінгі жылдары елімізде жекеменшік мектептердің саны шамамен мыңға жуықтап қалды. Білім саласындағы жеке бизнестің ұлғаяуы жақсы үрдіс. Алайда қазір мемлекеттік тапсырысты алу тәртібі жаңарту мен жеңілдіруді қажет етеді.

Жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде жекеменшік мектептердің оқушыларды есепке алу мен қаржыландыру бойынша сәйкессіздіктер анықталды. Ұлттық білім беру дерекқорында мемлекет

еобінен қаржыландырылатын оқу орнында тіркелген балалардың іс жүзінде мүлдем басқа мектепте оқығаны белгілі болды. Ал жекеменшік өңірлерде кейбір мектептер оқудан шығып кеткен оқушылар үшін де ақша алып отырған. Сондай-ақ білім беру қызметіне қатысу жоқ мемлекеттік сатып алу жүйесінде тіркелген ұйымдар анықталды. Мұның барлығы жүйеге реформа қажет екенін байқатып отыр.

Түйткілді мәселелерді шешу мақсатында Қаржы министрлігіне қарасты «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ жаңа ақпараттық жүйені әзірледі. Аталған технология E-Qazyna.kz платформасына енгізілген және пайдаланушылардың жұмысын жеңілдетумен қатар бұл деректердің дұрыстығын бақылауды күшейтеді. Жүйеде оқушылардың саны мен контингенті, рұқсат құжаттарының бар-жоғы автоматты түрде тексеріліп, білім беру саласындағы ақпараттық жүйелермен біртұтас болады.

Бірыңғай өкімшілік басқаруды қамтамасыз ету үшін «Қаржы орталығы» АҚ Қаржы министрлігінің қарамағына берілді. Орталық қанатқасты жобаның оператор ретінде ұйымдастыру-әдістемелік қолдауды жүзеге асырып, қатысушыларға кенес беру, мони-

торинг жүргізу, қабылданған актілерге сәйкес төлем жүргізу қызметтерін атқарады.

Осы жобаны іске асырудағы негізгі рөл жергілікті атқарушы органдарға – білім беру басқармаларына жүктеліп отыр, олар мемлекеттік тапсырыстарды орналастырып, қорытынды есептерді бекітеді, сондай-ақ келісімшарттар жасап, www.e-Qazyna.kz веб-порталы арқылы көрсетілген қызметтер туралы актілерді қабылдайды. Келесі кезеңде бұл жүйеге білім беру саласындағы басқа да мемлекеттік қаржыландыру құралдарын – гранттарды, шөкіртқыларды, жатақханада орындармен қамтамасыз ету және басқа да қолдау түрлерін біріктіру көзделген.

Жаңа ақпарат жүйесі 12 қарашада іске қосылды. Білім беру қызметтеріне цифрландыруды енгізу – мемлекеттік сатып алулар қызметіндегі бюджет қаражатының ашықтығын арттырып, түсінікті етуді көздейді және уақтылы, орынды қаржыландырудың өкімшілік қадағалауын қамтамасыз етеді. Бұл жаңашылық бюджетке түсетін жүлдемнен азайтып, бәсекелестікті арттырады және білім беру саласына жеке инвестицияны көбірек тартуға әсер етеді.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.



КӨЛКЕНТІКТЕР КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Түркістан облысының Сайрам ауданындағы Көлкент елді мекені ресми түрде табиғи газға қосылды. Газ беру нысанының ашылуына облыс әкімі Нұрлан Көшерев қатысып, ауыл тұрғындарын қуанышты жаңалықпен құттықтады.

Әкімнің айтуынша, елді мекендердегі инфрақұрылымды жаңғырту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген негізгі міндеттердің бірі. Көлкентте газ құбырларының құрылысы толық аяқталып, 3 мыңға жуық абонент көгілдір отынға қол жеткізді. Бұл ауыл халқының тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, экологиялық ахуалдың жақсаруына және кәсіпкерлік дамуына оң ықпал етеді.

Бүгінде Сайрам ауданының

көп бөлігінде газ құбырларының құрылысы толық аяқталып, 3 мыңға жуық абонент көгілдір отынға қол жеткізді. Бұл ауыл халқының тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, экологиялық ахуалдың жақсаруына және кәсіпкерлік дамуына оң ықпал етеді.

Бүгінде Сайрам ауданының

дағы 42 елді мекеннің 37-сі газбен қамтылған, қамту деңгейі – 88%. Жыл соңына дейін ауданның барлық елді мекені табиғи газға қосылады деп жоспарлануда.

Облыс бойынша газдандыру жұмыстары да жүйелі жүргізіліп жатыр.

- 2025 жылға – 80 жобаға қаржы қаралған;
- Биыл жоспарланған 46 нысанның 37-сі аяқталды, қалған 9-ы жыл

соңына дейін іске қосылады;

- Нәтижесінде 73 мың тұрғын немесе 43 елді мекен алғаш рет газбен қамтылмақ.

Осылайша, өңірдегі газдандыру деңгейі 75%-ға жетеді.

Түркістан облысында 2027 жылға дейінгі газдандыру жоспары бекітіліп, сол мерзімге қарай табиғи газға қосылған елді мекендер санын 765-ке жеткізу көзделіп отыр.

ИНВЕСТИЦИОН АЖАРАСЫНДА 7 МЕМОРАНДУМ

Түркістан қаласында өткен халықаралық инвестициялық форум барысында жалпы құны 432,2 млрд теңгені құрайтын жеті маңызды меморандумға қол қойылды. Форумға әлемдік жетекші компаниялар мен отандық кәсіпкерлер қатысып, өңір экономикасын өртендіріп, инфрақұрылымға бағытталған жаңа жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

«Түркістан – Қазақстанның жаңа инвестициялық циклінің драйвері» тақырыбындағы панельдік сессияда облыс әкімі Нұрлан Көшерев инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау және өңіраралық ынтымақтастықты күшейтуге басымдық берілетінін атап өтті. Ол қатысушыларды өндірістік қуатты арттыруға және экспорттық әлеуетті дамытуға бірлесіп атысуға шақырды.

Форум нәтижесінде бірнеше бағыттағы ірі жобалар бекітілді:

- Қазақстан-Қытай индустриалды аймағын құру (75,3 млрд тт)
- Дәлелді мағасын, ілмек пен тоқыма өнімдерін өндіру
- Халықаралық текстіл орталығын дамыту
- Алюминий қағаздарын шығару
- Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу

Жарықтандыру жабдықтары мен күн панельдерін өндіру

Бұл жобалар өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға және жаңа технологияларды енгізуге жол ашады.

2025–2028 жылдарға облыста 111 инвестициялық жоба пұлы қалыптасқан. Олар толық іске асқанда 23 915 жаңа жұмыс орны ашылады. Биылдың өзінде 58 жоба басталып, 8 250 жұмыс орны жоспарланған болса, қазіргі таңда 34 жоба іске қосылып, 4 889 адам жұмыспен қамтылды.

Сонғы 10 айда өңір экономикасына 1 178,4 млрд теңге инвестиция тартылды. Тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 543,5 млн АҚШ долларына жетіп, жылдық жоспардан жоғары көрсеткішке шықты.

Жыл басынан бері 90-нан астам шетелдік компаниямен келіссөздер жүргізіліп, Қытай, Иран және Өзбекстанға ресми сапарлар жасалды. Нәтижесінде өңірде дүрдемдер мен қоспалар, кеңеслік қағаз, құрылыс материалдары, тамшылатып суару жүйелері, балық жемі, өсімдік майы және басқа да өндірістерді дамыту жоспарлануда.

Дәстүрлі форум облыс үшін іскерлік ортаны қалыптастырып, жаңа экономикалық мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды алаңға айналып отыр.

Қаскелеңде кино, медиа және креативті индустрия саласында білікті мамандарды даярлайтын NYFA Kazakhstan-да ашық есік күні өтті. Іс-шара аясында қонақтар кампусты аралап, болашақ шығармашылық алаңның инфрақұрылымы мен атмосферамен танысты. NYFA Kazakhstan басшылары

NEW YORK FILM ACADEMY KAZAKHSTAN-ДА АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

оқу бағдарламаларын, кампус концепциясын және студенттерге арналған мүмкіндіктерді таныстырды.

Қатысушылар сондай-ақ оқытушылар мен шақырылған сарапшылар өткізген шеберлік сағаттарына қаты-

сып, кәсіби шығармашылық ортаға ену мүмкіндігіне ие болды.

Айта кетейік, Қазақстандағы NYFA филиалы – Орталық Азиядағы әлемге танымал американдық кино мектебінің жалғыз филиалы. Жаңа кампус Energo University және Dala Edge креативтік паркі негізінде құрылды.

Филиалда АҚШ-тан арнайы келетін NYFA кәсіби лекторлары Кино (Filmmaking), Продюсерлік (Producing), Сценарист (Screenwriting), Анимация және визуалды эффектілер (3D Animation & VFX), Ойын әзірлеу (Game Design) бек бағыты бойынша жүргізеді.



МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРУ ТӘРТІБІ

Түркістан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Түркістан облысының аумағында өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіру мен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын аумақтық орган болып табылады.

Департамент туралы Ере-жеге сөйкес, Департаменттің республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъекттерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру функциясы бар.

Бұл ретте, мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №17 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағида) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

өткізбестен сенімгерлік басқаруға беру объектіні сенімгерлік басқаруға беру өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қағиданың 11-тармағының негізінде, Құрылтайшы сенімгерлік басқаруды тағайындау мақсатында:

- 1) тендер ұйымдастырады (тендерлік комиссияны құрамы мен жұмыс регламентін бекітеді, хабарламалардың жариялануын қамтамасыз етеді);
- 2) «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес объектіні бағалауды жүргізуге шарттар жасасады;
- 3) тендердің немесе жабық тендердің өткізілу барысын бақылауды жүзеге асырады;
- 4) сенімгерлік басқарушымен шарт жасасады;
- 5) объектіні сенімгерлік басқаруға беруге байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Объектіні сенімгерлік басқаруға беру кезінде құрылтайшы тендер өткізгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын тізілімнің веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде тендер өткізу туралы хабарлама жариялайды. Тендерге қатысушылар тендерге қатысу үшін объектіні кейіннен сатып алу құқығымен берген жағдайда оның алғашқы бағасының он бес пайызы мөлшерінде, егер кейін сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берген жағдайда оның баланстық құнының үш пайызы мөлшерінде кепілдік жарна төлеуі керек.


Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген кезде тізілімнің веб-порталы тендерге қатысушылардың баға ұсыныстарын автоматты түрде ашу және салыстыру нәтижелері бойынша Объект үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушыны жеңімпаз деп анықтайды.

Объект сенімгерлік басқаруға берген сатып алу құқығынсыз берілген кезде қатысушылардың тендерлік ұсыныстарын автоматты түрде ашу және салыстыру нәтижелері бойынша ең төмен сыйақы мөлшерін ұсынған қатысушыны тізілімнің веб-порталы жеңімпаз ретінде айқындайды.

Объектіні сенімгерлік басқаруға беру кезінде құрылтайшы тендер өткізгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын тізілімнің веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде тендер өткізу туралы хабарлама жариялайды. Тендерге қатысушылар тендерге қатысу үшін объектіні кейіннен сатып алу құқығымен берген жағдайда оның алғашқы бағасының он бес пайызы мөлшерінде, егер кейін сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берген жағдайда оның баланстық құнының үш пайызы мөлшерінде кепілдік жарна төлеуі керек.

Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген кезде тізілімнің веб-порталы тендерге қатысушылардың баға ұсыныстарын автоматты түрде ашу және салыстыру нәтижелері бойынша ең төмен сыйақы мөлшерін ұсынған қатысушыны тізілімнің веб-порталы жеңімпаз ретінде айқындайды.

Е. ЕРЖІПТ, Түркістан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Заңды тұлғалармен жұмыс және мүлікті иелену бөлімінің бас маманы



2008 жылы бекітілген қолданыстағы санат беру ережелері қазіргі заман талаптары мен халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді және жаңғыртуды қажет етеді. Жаңартылған жүйе қызмет сапасын жақсартуға, бағалау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге және қонақ үй индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сөйкес, 2025 жылғы қыркүйекте Қазақстанда 4 442 орналастыру нысаны тіркелген. Алайда олардың тек 112-сі ғана ресми түрде «жұлдыз» санатына ие. Мұндай төмен көрсеткіш апелляция механизмінің болмауымен,

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында

Туризм және спорт министрлігі туристік қызмет сапасын ортыру және заңнаманы жетілдіру бағытында кешенді жұмысты жалғастырып жатыр. Ведомство әзірлеген түзетулер пакетіне орналастыру орындарын санаттау жүйесін жаңғырту да енгізілген. Қазіргі уақытта бұл түзетулер Мәжілісте қаралып жатыр.

бағалау рәсімдерін жүйелі түрде қайта қарау тәжірибесінің жоқтығымен және талаптардың орындалуына бақылаудың әлсіздігімен байланысты. Сонымен бірге жұлдызды санатты өздігінен иелену тәжірибесі

түтынушыларды жаңылыстырып, салаға деген сенімді төмендетеді.

Жаңартылған санаттау жобасында Hotelstars Union халықаралық қағидаларына бейімделген нақты бағалау өлшемдері енгізілген. Сондай-ақ Туризм және спорт министрлігінің өкілеттігін кеңейту, инспекторларды оқыту және мамандар дайындау қарастырылған.

Жаңа жүйені енгізу нәтижесінде:

* Қонақ үй қызметтерінің сапасы артады;

* келушілердің қанағаттану деңгейі жоғарылайды;

* Қазақстанның туристік бағыт ретіндегі тартымдылығы күшейеді;

* орналастыру нысандарының ресми санатқа қатысу үлесі ұлғаяды.

